

**Осакаров ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы "Осакаров ауданының елді мекендерінде көшпелі сауда үшін орындарының тізімін бекіту туралы" № 07/01 қаулының күшін жою туралы**

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 3 наурыздағы № 11/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 24 наурыздағы № 213-І "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабы 2 тармағының 4 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабы 8 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осакаров ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы "Осакаров ауданының елді мекендерінде көшпелі сауда үшін орындарының тізімін бекіту туралы" № 07/01 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-15-143 болып тіркелген, 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 20 (7244) "Сельский труженик" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы В. Абилсеитоваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Қ. Шайжанов*